

Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2015 жылғы 23 қарашадағы № 93 Шешімі

Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану туралы хаттаманың (Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 12 қосымша) 9-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 49-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Қосымшаға сәйкес Кеден одағы Комиссиясының "Кеден одағында ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешіміне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Республикасынан В. Габриелян	Беларусь Республикасынан В. Матюшевский	Қазақстан Республикасынан Б. Сағынтаев	Қырғыз Республикасынан О. Панкратов	Ресей Федерациясынан И. Шувалов
--	---	--	---	---------------------------------------

Еуразиялық экономикалық
Комиссия Кеңесінің
2015 жылғы 23 қарашадағы
№ 93 шешіміне
ҚОСЫМША

Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешіміне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Атауындағы және мәтін бойынша тиісті септіктегі "Кеден одағы" деген сөздер тиісті септіктегі "Еуразиялық экономикалық одақ" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1-тармақтың үшінші абзацы "бақылауды" деген сөзден кейін "(қадағалауды)" деген сөзбен толықтырылсын.

3. 3-тармақтың екінші абзацы "бақылауды" деген сөзден кейін "(қадағалауды)" деген сөзбен толықтырылсын.

4. Көрсетілген Шешіммен бекітілген, Кеден одағының кедендік шекарасында және Кеден одағының кедендік аумағында ветеринариялық бақылауды жүзеге асырудың бірыңғай тәртібі туралы ережеде:

а) атауында:

5. "бақылауды" деген сөзден кейін "(қадағалауды)" деген сөзбен толықтырылсын;
"Кеден одағының" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың" деген сөздермен ауыстырылсын;

б) мәтін бойынша:

Келісім мен Шешімнің атауына қатысты бөлігінде 1.1-тармақты, Шешімге қатысты бөлігінде 3.9-тармақтың екінші абзацын және Бірыңғай тізілімнің атауына қатысты бөлігінде 3.10-тармақты қоспағанда, "Кеден одағының" деген сөздер "Одақтың" деген сөзбен ауыстырылсын;

тиісті түрдегі және септіктегі "Тарап" деген сөз тиісті түрдегі және септіктегі "мүше мемлекет" деген сөздермен ауыстырылсын;

в) 1.1-тармақта:

"Кеден одағының кедендік шекарасында және Кеден одағының кедендік аумағында ветеринариялық бақылауды жүзеге асырудың бірыңғай тәртібі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже)" деген сөздер "Осы Ереже" деген сөздермен ауыстырылсын;

"(бұдан әрі – Ереже)" деген сөздерден кейін "2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт күшіне енгенге дейін қолданылған," деген сөздермен толықтырылсын;

г) 1.2-тармақтың екінші абзацындағы "Кеден одағына мүше мемлекеттердің ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдары мен мекемелерінің (бұдан әрі – Тараптардың уәкілетті органдары)" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органдары мен мекемелерінің (бұдан әрі тиісінше - мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары, мүше мемлекеттер, Одақ)" деген сөздермен ауыстырылсын;

д) 2.2-тармақтағы "және Еуразиялық экономикалық қоғамдастық" деген сөздер алып тасталсын;

е) 3.7-тармақта:

бірінші абзацта орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

екінші абзацта орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

ж) 3.9-тармақтың екінші абзацындағы "Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының" деген сөздер алып тасталсын;

з) 3.10-тармақтағы "Кеден одағының кедендік аумағында сәйкестігін міндетті бағалауға (растауға) жататын өнімдердің айналысы туралы 2009 жылғы 11 желтоқсандағы келісімге сәйкес" деген сөздер алып тасталсын;

и) 3.12-тармақтың бірінші абзацында орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

к) 3.16-тармақ"тізіліміне" деген сөзден кейін "(бұдан әрі - Бірыңғай тізілім)" деген сөздермен толықтырылсын;

л) 3.19-тармақта орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

м) 4.1-тармақта:

бірінші абзацта орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

екінші абзацта орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

н) 4.5-тармақта орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

о) 4.6-тармақтың төртінші абзацындағы "Кеден одағының сыртқы және өзара саудасының интеграцияланған ақпараттық жүйесіне" деген сөздер "Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесіне" деген сөздермен ауыстырылсын;

п) 5.1-тармақта орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

р) 6.1-тармақта орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді;

с) 6.11-тармақта "ветеринариялық заңнамасының" деген сөздер "құқығына кіретін актілермен белгіленген" деген сөздермен ауыстырылсын;

т) 7.7-тармақтағы "Кеден одағына мүше мемлекеттердің" деген сөздер "мүше мемлекеттердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

у) 9.1-тармақтың екінші абзацындағы "№5 қосымшаға" деген сөздер "№ 1 қосымшаға" деген сөздермен ауыстырылсын;

ф) 9.4-тармақтағы "кедендік заңнамасының" деген сөздер "құқығына кіретін актілермен белгіленген талаптарды" деген сөздермен ауыстырылсын;

х) 11.1-тармақтағы "Кеден одағы комиссиясының" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық комиссияның" деген сөздермен ауыстырылсын;

ц) 11.3-тармақтағы "Кеден одағының кедендік аумағына әкелінетін, бақылауға жататын тауарларды өндіруді, қайта өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен адамдардың" деген сөздер алып тасталсын;

ч) көрсетілген Ережеге № 1 қосымшада:

мәтін бойынша тиісті түрдегі және септіктегі "Кеден одағы" деген сөздер тиісті көптік және септіктегі "Еуразиялық экономикалық одақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Ветеринариялық сертификат/ветеринариялық куәлік, сапа (қауіпсіздік) сертификатының №" деген сөздер "Ветеринариялық ілеспе құжаттың № _____" деген сөздермен ауыстырылсын;

"заңнамасының" деген сөз "құқығына кіретін актілердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

ш) көрсетілген Ережеге № 2 қосымшада "Кеден одағына" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одаққа" деген сөздермен ауыстырылсын;

щ) көрсетілген Ережеге № 3 қосымшаның "Қолдану жөніндегі нұсқау" деген бөлімінде:

мәтін бойынша тиісті түрдегі және септіктегі "Кеден одағы" деген сөздер тиісті көптік және септіктегі "Еуразиялық экономикалық одақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші абзацтағы "BY, KZ" деген шартты белгілемелер "AM, BY, KZ, KG" деген шартты белгілемелермен ауыстырылсын;

он төртінші абзацтағы "Тараптың ұлттық заңнамасына" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына" деген сөздермен ауыстырылсын ;

он бесінші абзацтағы "Тараптың" деген сөз "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің" деген сөздермен ауыстырылсын;

ъ) көрсетілген Ережеге № 4 қосымшада "Кеден одағына" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одаққа" деген сөздермен ауыстырылсын;

ы) көрсетілген Ережеге № 5 қосымшада мәтін бойынша "Кеден одағының" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың" деген сөздермен ауыстырылсын, "Customs union" деген сөздер "Eurasian economic union" деген сөздермен ауыстырылсын;

ь) көрсетілген Ережеге № 6 қосымшада:

мәтін бойынша "Кеден одағы" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақ" деген сөздермен ауыстырылсын;

"*" деген белгісі бар сілтеме мынадай редакцияда жазылсын:

"* Қайтару туралы деректер жүкті қайтаруды жүзеге асырған уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне енгізіледі.";

э) көрсетілген Қосымшаға № 8 қосымшадағы "Кеден одағының" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың" деген сөздермен ауыстырылсын;

ю) көрсетілген Қосымшаға № 11 қосымшада кестенің алтыншы бағанындағы атауы жазылған графадағы "Кеден одағындағы" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтағы" деген сөздермен ауыстырылсын.